

## 1920-1930 ЖЖ. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚАСІРЕТІ

**Сәрсембина Қ.Қ.** тарих ғылымдарының кандидаты,  
**Маслов Х.Б.** PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті, Астана қ.

Қазақ тарихының қатпарлы қойнауына үңіліп, ата-бабамыздың өткен өмірін ақылмен көз алдымыздан өткізгенде қуаныштан көрі қайғы-қасіретті басынан көп кешкен тарих көшіне куә боламыз. Ұлан-байтақ жерімізге көзін тігіп, иемденем деген жат ниетке қарсы қанын төгіп, жанын беріп соғысқан бабалар көшімен рухани сұхбаттасқандай боламыз. Ұлттық намыспен қаруланған, ұлттық рухы биік хандарымыз бен батырларымыздың, данагөй жырауларымыз мен ақындарымыздың, қара қылды қақ жарған билеріміздің, батагөй қарттарымыздың, ақ жаулықты аналарымыздың аманатына кездесеміз. Ол аманат-қазақ баласының елдік пен ерліктен ажырамауы.

Ресейге көгендеулі болған замандарда отаршыл саясат ерлік пен елдікті тамырынан қиюға бар күшін салды. Неше түрлі айла-тәсілдерді қолданып, адамгершілікті аттап өткен қитұрқы саясатын жүргізді. Ең сұмдығы халықты қолдан аштан қырып, зиялы қауым, әйел-бала, қарт демей қуғын-сүргінге ұшыратып, қоғамның табиғи дамуына тосқауыл жасады. **Саяси қуғын-сүргін зобалаңында Қазақ Рухы жігерінен айрылып, жасығанымен, өз тамырынан ажырамады. Оның себебі, ата-бабаның ұрпағына қалдырып кеткен рухани азығының молдығынан деп білеміз. Баласына ең алдымен адамгершілік үйреткен аталарымыз мен әжелеріміздің рухы (тәрбиесі) талай адамды қиын-қыстау кезеңдерден аман алып шықты. Талай жандар қызылдар қырғынан аман қалған ұрпағын жиып-теріп қамқорлауда ерлік пен елдіктің үлгісін көрсетіп, өмірден өтті.**

Тарих дегеніміз даналық. Ал, қазақ тарихы даналыққа толы. Отаршылық тамыры тереңге жайылған уақытқа дейінгі мақал-мәтелдер, даналық сөздер айтқанымызға дәлел. Отаршылық салдарынан ұлттық санаға мысқылдап енген жат өзгерістер кесірінен қазақшылық қалпымыз өзгере бастады. Өзіміз өзгере бастаған соң сөзіміз де өзгеріске ұшырап, ғұлама Абай сынағандай, мағынасыз мақал-мәтелдер де өмірге келе бастады. Әрине, бұл өз алдына арнайы зерделенетін тақырып.

Патшалық Ресейдің отаршыл саясатын жалғастырған Кеңестік Ресей құрылған күннен бастап халық басына зобалаң алып келгені тарихтан мәлім. Адамдарды жаратылысына тән еркін ойлау қабілетінен айыру, әрбір адамның өз ұлтына тән ұлттық сана-сезімін жою саясаты 1920-1950 жылдардағы қуғын-сүргін шараларымен жүзеге асырылды. Адамның табиғи бостандығын шектеуге негізделген саясат рухани құлдықты оятты. Қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болды. Олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас азап шекті. Нағыз шындықты айтқан адамды жау санау Кеңес өкіметінде дәстүрге айналған құбылыс болды. Мысалы, 1920-1930 жылдардағы қазақ қоғамының дәстүрлі

әрі табиғи дамуына жат саяси-экономикалық науқандардың қазақ қоғамына үйлеспейтіндігін айтқан қазақ зиялылары жаппай қудаланды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құқық қорғау органдарының қолымен жасалды. Кеңес мемлекетінің заңдары 1920 жылдан бастап-ақ тоталитарлық жүйенің орнауына жол көрсетті. Кеңестік құқық “биліктен айрылған қанаушы таптарға” қарсы бағытымен ерекшеленді. Ал заңдар Кеңес мемлекетін нығайтуға, социалистік экономиканы құруға, еңбекшілердің бостандығы мен демократиялық құқықтарын қамтамасыз етуге, бұқараны коммунистік санамен тәрбиелеуге қызмет етуі тиіс болды [1]. Кеңестік тоталитарлық қоғам билік тармақтарын бір-бірімен сабақтастыра байланыстырып, сот билігін саясаттың құралына, партияның қолшоқпарына айналдырды. Сол арқылы репрессиялық шаралар жүргізілді. Қазақтың ойшыл зиялылары қазақ қоғамындағы дәстүрлі сот билігінің отаршылық саясат салдарынан, түбегейлі өзгеруіне қарсылық білдіргенімен, мемлекеттік деңгейде жүргізілген саяси қуғын-сүргін шараларына қарсы тұра алмады. Сот билігі өзіндік мәртебесінен айрылған тұста өрескел заңсыздықтар етек алып, адам құқықтары аяққа басылды. Кеңестік тоталитарлық тәртіп халықты идеологиялық өңдеуде өзіне ыңғайлы жүйе құрып, өзіне жат келетін күштерді жою жолдарын жетілдірді. КСРО Юстиция Халық Комиссариаты ҚазКСР Юстиция Халық Комиссариатынан саяси қуғын-сүргін шараларына байланысты қылмыс пен соттау ісінің қорытындысын әрдайым сұратып әрі арнайы бақылап отырған [2]. Осыған орай ақпараттық-статистика бөлімінің есептері жүйелі түрде жоғарыға жіберілетін болған. Жоспарды орындауға деген ұмтылыстың салдарынан қылмыскерлер саны күрт өскен. Себебі, қылмыс пен соттау ісі туралы ақпарат болмаған жағдайда, аталмыш орган қызметкерлеріне, “кеңес өкіметіне самарқау қызмет көрсетуде” деген жала жабылып, олардың өздері де қуғын-сүргінге ұшырайтын еді. Саяси қуғын – сүргін шараларының адам айтып жеткізе алмас дәрежеде адамдарды өз құрдымына жұтқандығының басты себебі де осы болатын-ды. Жоғарыдан қарқынды деңгейде жүргізілген саяси қуғын-сүргін шаралары қоғам өмірінің барлық саласын қамтығандықтан, сол зобалаңнан бірде-бір елді-мекеннің аман қалмағандығы жұртшылыққа жақсы таныс.

Батыстың әлеуметтік-философиялық ойлары тоталитаризмді жан-жақты қарастырады. Мәселен, Ср.А. Хайек билік басына қабілетсіз тұлғалардың келетіндігін және тоталитарлық мемлекеттің азаматтары идеалға шын берілгендіктен аморальды іс-әрекеттерді жасайтындығын да жазған еді [3, с.126]. Философиялық сөздікте “тоталитаризм” термині зорлық пен зомбылық, қоқан-лоқыға негізделетін саяси үстемдік жүйесі ретінде анықталады [4]. КСРО-да тоталитарлық тәртіп, 1920 жылдардың басында қалыптаса бастады. 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тоталитаризмнің орнағандығын дәлелдеді. Халыққа қарсы бағытталған саяси қуғын-сүргін арқылы мемлекет қоғам өмірінің барлық саласын толықтай бақылады.

1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін ауқымы өте кең, мәселен, Гитлердің қуғын-сүргін саясаты тұсында 2000 немістер тұтқындалса, ал КСРО-да 1935 жылдың қаңтары мен 1941 жылдың шілдесі аралығында 19 млн. 840 мың адам репрессияға ұшырап, оның 7 млн-ы ату жазасына кесілген [5, с.165]. Сталиндік басқару кезінде КСРО көлемінде авторитаризм, догматизм, бюрократизм, конформизм қалыптасты. “30-е годы. Взгляд из сегодня”,-деп аталатын еңбекте КСРО-дағы тоталитаризмнің орнығу себептері терең, әрі жан-жақты көрсетіледі. Онда автор сталинизмнің орнауы мен әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуын жүйелі түрде жаза келіп, “...Жаппай саяси қуғын-сүргіннің салдарынан ешкімде өзін қауіпсіздікте сезінбеді. Екі жақты мораль үйреншікті әдетке айналды...” [6, с.88]-деп сол кезеңде қалыптасқан ауыр психологиялық ортаны көрсетеді.

1928 жылы Қазақстанға Л.Д.Троцкийдің, кейін Л.Б.Каменевтің, Г.Ю.Пятаковтың және тағы басқа көрнекті қайраткерлердің жер аударылып келуі жергілікті зиялыларды қудалауды жеделдеткен [7]. Сөйтіп, “контрреволюциялық ұйымдарды іздестіру науқаны басталады. 1928 жылы мамыр айында болған БЛКЖО съезінде Ф.Голощекин “ақпарына” сүйенген Н.Бухарин Мағжан Жұмабаевқа саяси сенімсіздік білдіреді. Көп ұзамай-ақ қазақтың ірі ағартушылары, әдебиетшілері және әртүрлі саладағы оқымыстылар жаппай тұтқындалады. Толық емес мәліметтер бойынша “Алаш” қайраткерлерінің 300-і қуғын-сүргінге ұшыраған [8, 216 б.]. Олардың кейбірі “жазаларын” өтеп келгенімен 1937-1938 жылдары қайта ұсталып, атылды. Қазақ зиялыларының үш мәрте тұтқындалғандары да бар.

Мұрағат құжаттары зиялылардың көзін жоюдың әдейі ойластырылған саясат екендігін дәлелдейді. Тіпті, сотталып, жер аударылғандарды да “үсті-үстіне” айыптау жоғарыдан бұйырылған. Мәселен, Ақтөбе облыстық БК(б)П комитетінің 1937 жылғы 31 наурызда өткізілген мәжілісінде қазақ ұлтшылдығына қарсы күрес талқыланып М.Тынышпаев туралы: “...Көптеген жолдастар қазақ ұлтшылдығы бізде жоқ - деп айтады. Бұл өтірік ...Біз жақында бұрынғы Алашорда жетекшісі, кезінде сотталып, жер аударылған М.Тынышпаевтың контрреволюциялық іс-әрекетін байқадық. Тынышпаев біздің құрылыста инженер. Парторг оған жақсы мінездеме береді. Алайда, біз тексергенде Тынышпаев барлық уақытта Алашорда партиясының беделі туралы айтады екен...”,- деген пікірлер айтылады. Қазақтың жанашыры М.Тынышпаевтың сыртынан айтылған “болжамдар” жоғарыға жіберілген. Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Алашорданың белсенді жетекшілерінен бастап, оның жергілікті жерлердегі мүшелерін, тіпті олардың тума-туысқандарын қамтыған қуғын-сүргін саясаты 1937-1938 жылдары өршіп кетті. Республикалық басшы қызметтегі зиялылар қуғын-сүргінге ұшырағанда, олардың әріптестері мен әрбір өңірлерге қызмет бабымен жіберілген кадрлары да қудалау көрді. Мәселен, Наркомсовхоз Тереғожин “халық жауы” атанған соң, көп ұзамай Жұрын ауданының қой өсіретін совхозының директорының орынбасары Молдабеков та ұсталады. Қызылорда өңірінен шыққан Молдабеков 1932-1934 жылдары Тәжікстанда қызмет істеп, одан кейін Тереғожиннің тағайындауымен Жұрынға қызмет ауыстырады.

Оған “Голощекиншілермен жұмыс жасағым келмейді,-деп Тәжікстаннан кетіп қалып, нағыз ұлтшыл Төреғожинмен тығыз байланыс орнатқан”,-деген айып тағылады. “Халық жауы” атанған басшы қызметкерлердің жүрген жерлері, сөйлескен адамдары тергеуге алынған. Мәселен, Есқараев Жұрынға іс-сапармен келгенде сондағы аудандық БК(б)П комитетінің хатшысы Баймұратовқа “Есқараев Қазақ өлкелік БК(б)П Комитетінің VII пленумындағы үлкен сыннан кейін Исаев қатты өкпелеп, өз айналасына адамдар жинауда... Ұ.Құлымбетовтың 1918-1919 жылдардағы ақ армияға қатысқаны туралы да материал бар...”[9, 17 п.] - деп айтқан. Оны Баймұратов дәлелдейді”,-деген жолдардан қудалау саясатының жүйелі түрде жүргізгендігін аңғаруға болады. “Бірін-бірін ұстап берудің арнайы жүйесі жасалынған. Мысалы, Баймұратовтың өздігінен ешкімге барып жоғарыдағыдай мазмұндағы әңгімені айтпағандығын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Оған Есқараев келгенде сенімен сөйлесті”- деген жала жапсырылып, “Сырдария губкомының хатшысы болғанда Ходжановшылармен тығыз байланыс орнатқан” деген айып тағылады. Осылайша бір адамды ұстау арқылы, басқа адамдарға жала жабу дәстүрге айналады. 1928-1931 жылдар аралығында жалған айып пен жала жабу әдісі күшейді және айыпкерді мойындатудың “әдіс-тәсілдері” жетілдіріліп, ОГПУ-дің қолында репрессияны жүргізудің даяр механизмі болды. Осы механизм 1930-шы жылдардың ортасында толықтай күшіне енеді. Нәтижесінде, саяси қуғын-сүргін жалпылама бағыт алады. Сот-тергеу органдарының жазалаушы қызметі саяси-шаруашылық науқандар барысында қарқынды деңгейде болған. Астық, ет дайындау, бай-кулакты тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандары кезінде жоспарды орындай алмаған халыққа қарсы қолданылған күштеу, зорлық-зомбылық шаралары өте көлемді. ЮХК сот-тергеу органдарының астық дайындау науқаны барысындағы “жұмыстары” туралы мәліметті екі апта сайын жинап отырған. Науқандар тұсында азаматтар үстінен қозғалған қылмыстық істердің бірсыпырасының заңсыздығы туралы сол жылдардың өзінде-ақ айтылғандығын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Мәселен, “...1928 жылы сотталған шаруалар өз өнімдерін сатпаған және алыпсатарлықпен айналыспаған. Олардың көпшілігінде астықты сату үшін ауылдық кеңестен алынған рұқсат қағаз болған. Астықты мұқтаждықтары бойынша сатқан. Бірақ олардың үстінен заңсыз негізде қылмыстық іс қозғалған”-деген мәліметтер сол кезеңнің ақиқатын көрсетеді. Тіпті, сол жылдары жоспарды орындамағандарды да, орындата алмағандарды да тұтқындау жоғарыдан қатаң бұйырылған [10]. Сондай-ақ РСФСР ҚК-нің баптары бұрмаланып қолданылғандықтан “қылмыскерлер” саны күрт өскен. Мысалы, ҚК 61-3 бабы науқан жоспарын орындамау мақсатында алдын-ала келісіліп, ұйымдасқан топты жазалауға бағытталғанымен, жалғыз адамды соттауға да қолданылған. Тіпті, айыпқа тартылған тұлғаны “қылмыскер” атандыру үшін бірін-бірі танымайтын, әр ауылдан шыққан айыпкерлерді топтап, байланысы жоқ бірнеше істер біріктірілген. Ал, астық тапсырмағандардың мүлкін тәркілеу кезінде мал-мүлкінен айырылғысы келмей, кеңес өкіметіне қарсы



сөз айтқандардың іс-әрекеті "террористік акт" ретінде бағаланып, ҚК-тің 58-8 бабымен ату жазасына кесілген. Тіпті, ауылдарында бай-кулак қалмағандығын айтқан ауылдық кеңес төрағалары да, осы баппен атылып кете барған. "Науқан жоспарын орындауға шамамыз келмейді" деген сөзді айтқандарды "кеңестерге қарсы үгіт-насихаты" үшін ҚК-нің 58-10 бабымен соттау үрдіс алған. Науқандар барысында өткізілген жиналыстарда білім деңгейінің төмен дәрежесі салдарынан сөз сөйлей алмаған кеңес қызметкерлері ҚК-тің 111 бабымен жазаланған [11]. Нәтижесінде түрмелерге адам сыймай, сотталғандар адам төзгісіз жағдайда "жазаларын" өтеген. Мәселен, мұрағат құжаттарындағы "1933 жылы 65 орындық Әулиеата түрмесінде 1200 адам қамалған. Олар отырып ұйықтайды. Түрмеде аштан өлу өте жиі кездеседі. Аштан өлгендердің мүрдесі камерада бірнеше күн камерада жатып қалады. Тұтқындар аштықтан бір-бірінің саусақтарын тістейді. Жергілікті әкімшілік бұл жағдайға көңіл бөлмеуде" [12] - деген жолдар жан түршігерлік жағдайды көрсетеді. Түрмедегі тұтқындардың шамадан тыс болуы "таптық күрестің шиеленісуінен" деп түсіндірілді. Кейбір түрмелерде қылмыстық іс қозғалмай қамалған азаматтар да болған. Дәлел келтірер болсақ, 1931 жылы 112 орындық Қызылорда түрмесіндегі 325 адамның 203-нің ешқандай мәліметсіз қамалғаны анықталған. Ал, 300 адамның түрме қабырғасының жанында көшеде "қамауда" жатқандығы белгілі болады [13].

Сотталғандар мен айыпқа тартылған тұлғаларға азық-түлікті көп шығындамау мәселесі де жыл сайын ескертіліп, оны орындамағандар жазаланған. Мәселен, Талдықорған түрмесінің бастығы Спицын азық-түлікті бей-берекетсіз шығындап, 3000 сом ақшаны ысырап қылғандықтан әскери трибунал сотына беріліп, түрмеге қамалады. Осы жағдайды "қадағаламаған" аудандық ПХК бөлімінің басшысы мен оның кейбір қызметкерлері жауапқа тартылады. Бұндай оқиға өзге облыстарда да болып жатты [14]. "Қылмыскерлерді" қолдан көбейткен кеңес мемлекетінің, әсіресе сот-тергеу органдарының адам құқығын өрескел бұзған, қылмыстарын, жауыздығын айтып жеткізу мүмкін емес. Жеке тұлғаларды заңсыз негізде тұтқынға алып, тұтқындағылардың аштан өлуіне де себепші болған өкімет, қаншама адамды саясаттың құрбандығына айналдырды.

Жергілікті жерлердегі қазақ зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырауы жете зерттелінген жоқ. Жергілікті жерлердегі қудалау саясаты, сол кезеңдегі Қазақстанның әкімшілік-территориялық бөлінісіне байланысты әрбір облыстың өзіне тән ерекшелігіне, әсіресе зиялы қауымның шоғырлану деңгейіне сәйкес жүргізілді. Мұрағаттағы партиялық үштік жиналысының хаттамаларынан жергілікті жерлердегі қызметкерлердің қуғынға ұшырау деңгейін көруге болады.

ПХК (НКВД) органдарына тән негізгі ерекшеліктің бірі тұтқынға алынушының тегіне, мүліктік жағдайына баса назар аударатындығы. Шала сауатты, озбыр тергеушілер оқиғаның салдары, нәтижесі болып табылады. Егер де 1920-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін болмаса, ондай құбылыс өмірге келер ме еді? Аласапыран замана ағымына қарса тұра алмай, тұлғалық

қасиетінен айырылған әлсіз тергеушілер жеке адамға табыну кезеңінің құрбандары. Аса жауапты қызметтерден қабілетті әрі адами сапасы жоғары тұлғалардың шеттетілуі салдарынан жоғарыдағыдай оқиғалар қатары орын алған. Адам құқығын өрескел түрде бұзған заңсыздықтардың нәтижесінде ел арасында сот-тергеу орындарына "үрей", "сенімсіздікпен" қарау үрдіс алып, тіпті 1934 жылдары НКВД - "Неизвестно когда вернусь домой", - деген мағынада атала бастаған [15, с. 205]. 1934 жылдан бастап НКВД жанындағы ерекше мәжіліс "қызметі" күшейеді. Адам айтса сенгісіз айыптаулар, логикаға ешқандай қиыспайтын "айғақтар" арқылы қуғын-сүргіннің көлемі ұлғая түскен.

Орта ғасырлық жазалау тәсілдерін қолдану нәтижесінде "қылмыскерлер" саны қолдан көбейтілген. Сот процестері А.Я. Вышинскийдің "дәлелдердің ханшасы" (царица доказательств) теориясының нәтижесінде жемісті болды. Әсіресе, 1937-1938 жылдары "конвейер" жүйесімен тергеу ісі ПХК-ты органдарының басты тірегі болды. Жак Росси "Справочник по ГУЛАГУ" деген еңбегінде "Конвейер дегеніміз бірнеше сағат, тәулік, апта бойы үздіксіз, демалыссыз жүргізілетін тергеу", - дей келе, әрі қарай айыпкерді қинау тәсілдеріне тоқталады [15, с.65].

1920-1930 жж. саяси қуғын-сүргіннің қасіреті кеңестер билігінің адамзаттың дамуына жат ауыр қылмысын айғақтайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. История политических и правовых учений / Под. ред. В.С. Нересянца.-М.: Юридическая литература, 1988.-816с.
2. Статические отчеты НКЮ КазССР // ҚРОММ. 1380-қ.; 2-т., 581-іс. -10-28 п.
3. Хайек Ф. Дорога к рабству // Вопросы философии. -1990. -№ 11.- С. 123-165.
4. Философиялық сөздік. Қазақ энциклопедиясы.- Алматы: Жеті жарғы, 1996.- 525 б.
5. Кауль Т.Н. От Сталина до Горбачева и далее.-М.: Прогресс, 1991.-224.
6. 30-е годы: взгляд из сегодня /Отв. ред. Д.А. Волкогонов. М.: Наука, 1990.-164 с.
7. Ефимов Е., Щетинин Ю. Три процесса над старой интеллигенцией // Политическое образование.-1989.-№ 6.- С. 73-77
8. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда.-Алматы: Ататек, 1995.-256 б.
9. Протоколы заседания за 1938 г. // Ақтөбе ОММ. - 13-қ.; 6-т., 52-іс. -1-10 пп.
10. Жалобы и заявления граждан 1928-29 гг. // ҚРОММ.- 1380-қ.; 1-т., 261-іс.- 25-п.
11. Совершенно секретная переписка Прокурора Казотделения ВС РСФСР // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 389-іс.- 31-36п.
12. Надзор за местами заключения КАССР // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 263-іс.- 201-п.
13. Книга приказов по ИТК. 1930-1931 гг. // Астана ҚММ.- 65-қ.; 1-т., 5763-іс.- 10п.
14. Приказы НКВД СССР. 1935-1936 гг. // Астана ҚММ.- 65-қ.; 1-т., 5826-іс.- 117п.
15. Жак Росси. Справочник по ГУЛАГУ.- М.: Просвет, 1991. -Ч.1. -548 с.